



Автор: ҚОҢЫРОВА МАРИНА САБЫРЖАНҚЫЗЫ

Пән: Физика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Механикалық қозғалыс

Тақырып: Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу

Оқу мақсаттары:	7.2.1.4 - Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: □ Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығының формуласын біледі. Оқушылардың көпшілігі: □ Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығының формуласын түрлендіріп, есептер шығарады. Кейбір оқушылар: □ Жылдамдық мен орташа жылдамдықты есептеуге практикалық тапсырмалар орындайды.
Бағалау критерийлері	- Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығының формуласын біледі, өлшем бірліктерін ажыратады; - Жылдамдық пен орташа жылдамдық формуласына есептеулер жүргізеді. - Практикалық тапсырмалар орындайды.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Қозғалыс түрлерін ажыратып, ауызша сипаттай алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: Жылдамдық, орын ауыстыру, уақыт, орташа жылдамдық. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері: Жылдамдық тәуелді..... Орташа жылдамдық.....
Құндылықтарға баулу	Техникалық және кәсіби мамандарды дайындау және өмір сапасын жақсарту мақсатында жолда жүру ережелерін сақтау әдетке айналдыру
Пәнаралық байланыс	Оқушылар қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеуде математикалық дағдыларын қолданады. АКТ-ны қолданып автомобиль, велосипед, мотоциклдермен жолда жүру ережесімен танысады
Алдыңғы оқу	Түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпты емес қозғалыстарды

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Топқа бөлу «Физикалық шамалар» I топ: Жылдамдық II топ: Орын ауыстыру III топ: Уақыт Үй тапсырмасы: «Өрмекші торы» (сұрақ-жауап) 1. Механикалық қозғалыс 2. Материялық нүкте 3. Қозғалыс траекториясы 4. Орын ауыстыру векторы 5. Санақ жүйесі 6. Түзусызықты қозғалыс түрлері 7. Бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар Бағалау: Та-ма-ша!	Слайд №1-2

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (22 минут)	Тапсырма №1 «Кинометафора» әдісі. Жаңа сабақты түсіну мақсатында бұл әдісте «Жылдамдық пен орташа жылдамдық» тақырыбына бейнефильм көрсетіледі. Кейін осы бейнефильмге негізделген топтарға тапсырмалар беріледі. Жылдамдық тобына: Жылдамдықтың формуласын талдаңдар. Орын ауыстыру тобына: Орташа жылдамдық формуласын талдаңдар. Уақыт тобына: Жылдамдықтың өлшем бірлігін талдаңдар Бағалау: Басбармақ! Тапсырма №2 «Ротация» әдісі Жылдамдық тобына: Велосипедші бірқалыпты қозғалып, 30 мин ішінде 9 км жол жүрген. Велосипедшінің жылдамдығын м/с-пен есептеңдер. Орын ауыстыру тобына: 750 км/сағ жылдамдықпен қозғалатын ұшақ 6 сағ ішінде қандай аралықты ұшып өтеді? Уақыт тобына: Күннен Жерге дейінгі қашықтық шамамен 150 млн.км. Жарықжылдамдығы 300 000 км/с. Жарық Күннен Жерге қанша уақытта жетеді?Бағалау критерийі Қозғалыстағы дененің орташа жылдамдығын есептейді Дескриптор 1.Қозғалыстың барлық бөлігіндегі жолды есептейді 2.Қозғалысқа жұмсалған барлық уақытты анықтайды 3.Дененің орташа жылдамдығын есептейді. Бағалау: 1 ұсыныс, 1 тілек! Тапсырма №3 «Өз істегенімді – меңгеремін» әдісі Ойыншық машина, рулетка және секундомерді пайдаланып, машина қозғалысының орташа жылдамдығын анықтаңдар. Бағалау: 2 жұлдыз, 1 тілек	Слайд №3 Слайд №4-5
Сабақтың соңы (8 минут)	«Бір минуттық әңгіме» Оқушылар бір сызықтың бойында тұрып, бір-біріне қарама қарсы қарап, 1 минут бойы бүгінгі сабақ тақырыбында әңгімелеседі. Үйге тапсыма: Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу. Практикалық тапсырма №1,2 Оқушылар «Плюс-минус-қызықты» әдісімен кері байланыс береді. «+» жағымды жақтары «-» жағымсыз жақтары «қызықты» қызықтырған ақпарат	
Кері байланыс (3 минут)	Үйге тапсыма: Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу. Практикалық тапсырма №1,2 Оқушылар «Плюс-минус-қызықты» әдісімен кері байланыс береді. «+» жағымды жақтары «-» жағымсыз жақтары «қызықты» қызықтырған ақпарат	Слайд №6